

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие для пед. вузов и институтов повышения квалификации. - М., 1998.- с.256
- [2] Blended learning. (2009) // Retrieved March 25,2012, from Pennsylvania State University Web Site: <http://weblearning.psu.edu/blended-learning-initiative/>
- [3] Кирикович Т.Е., Обухова Н.В. Самоорганизация на уроках английского языка или как сделать ученика субъектом своего образования // Иностранные языки в школе. - 2011. - № 9. - с.76-82.
- [4] Мынбаева А.К. История и технологии научной деятельности высшей школы. - А., 2010. – с.257
- [5] Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать: учебное пособие. - 4-е изд., доп. - Алматы, 2010.-с.34

Мырзабаева А.Ж.

Қазақстан тәлім-тәрбие жүйесінің модернизация контекстінде шетел тілін үйренуі дәстүрлі және инновациялық технологиялары

Түйндеме: Отандық тәлім-тәрбие жүйесінің модернизациясының стратегиясы шетелдік тілді үйренуін кәзіргі білімнің дамуының басымдылық қатарына қояды. Кардиналдық өзгерген әлеуметтік және мәдениеттік нақтылығы шетел тілін үйренуін жаңа сапалы деңгейге қажеттілігін көрсетеді.

Түйін сөздер: тәлім-тәрбие жүйесі, инновациялық технологиялар, әлеуметтік және мәдениеттік нақтылығы, шетел тілін үйренуі

Myrzabayeva A.

Traditional and innovative technologies of studying foreign languages in the context of modernization of educational system of Kazakhstan

Summary: Strategy of modernization of educational system of Kazakhstan makes study of foreign languages one of the prior tasks of the development of modern education. With changes of socio-cultural reality it is necessary to transfer the system of teaching foreign languages on the new quality level.

Key words: education, changes, system of teaching foreign languages, new quality level, teaching, modern education, prior tasks.

УДК 74.580.22А

А.Е. Сағымбаева, А.А. Масимгазиева

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, masimgazieva_aku89@mail.ru)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация. Бүгінде заманауи білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттер тізімінде оқушының сыни және шығармашылық ойлауын дамыту мәселесі тұр. Бұл міндетті шешу үшін оқушыларға ақпараттық қоғам жетістіктерін жалпылап, өз білімдерін өз беттерінше құрастыра білуге үйрету керек. Мұндай жағдайға қол жеткізу үшін оқушыларды өз бетінше ойлау, мәселелерді анықтап, оларды шеше алуға үйрету қажет, осы мақсатта түрлі облыстағы білімдерін біріктіріп, себеп-салдарлық байланысты орната білу білігі мен түрлі шешімдер нұсқаларының нәтижелері мен мүмкін салдарларын жобалау қабілетін қалыптастыру керек. Оқытудың жаңа құралдарын инновациялық тұрғыдан іздеу педагогтардың бізге іс-әрекеттік, практикалық бағытталған, проблемалық, рефлексивті және басқадай оқыту мен үйрету формалары мен әдістерінің қолдану керек екендігін түсіндіреді. Бұл құралдар жекелей немесе кешенді тұрғыда білім беру саласындағы жағдаяттардың қандай да бір деңгейінде қолданылады.

Кілттік сөздер: жоба, жобалау, жобалау іс-әрекеті, жобалар әдісі, жобалап оқыту, жобалап білім беру, жобалап тәрбиелеу.

Бүгінде заманауи білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттер тізімінде оқушының сыни және шығармашылық ойлауын дамыту мәселесі тұр. Бұл міндетті шешу үшін оқушыларға ақпараттық қоғам жетістіктерін жалпылап, өз білімдерін өз беттерінше құрастыра білуге үйрету керек. Мұндай жағдайға қол жеткізу үшін оқушыларды өз бетінше ойлау, мәселелерді анықтап, оларды шеше алуға үйрету қажет, осы мақсатта түрлі облыстағы білімдерін біріктіріп, себеп-салдарлық бай-

ланысты орната білу білігі мен түрлі шешімдер нұсқаларының нәтижелері мен мүмкін салдарларын жобалау қабілетін қалыптастыру керек.

Аталған міндеттер білім беру саласында жаңа мәселесінің тууына себеп болды. Ол мәселе өзіне керекті ақпаратты тауып, оны жаңа білімдер түрінде меңгере алатын тұлғаны дайындау. Бұл мәселені шешу заманауи жалпы білім беретін мектептерде жаңа педагогикалық әдістер мен технологияларды қолдану қажеттілігін туындатты. Жаңа құралдарды инновациялық тұрғыдан іздеу педагогтардың бізге іс-әрекеттік, практикалық-бағытталған, проблемалық, рефлексивті және басқадай оқыту мен үйрету формалары мен әдістерінің қолдану керек екендігін түсіндіреді. Бұл құралдар жекелей немесе кешенді тұрғыда білім беру саласындағы жағдаяттардың қандай да бір деңгейінде қолданылады.

Іздеудің жаңа шарттарының айқын ерекшеліктері білім беру мақсатын түсіндіруді өзгерту, бұл өз кезегінде сол құрылғыларды қолдану мүмкіндіктері мен әдістерінің жаңа түсініктері болып табылады. Білім берудің жаңа кезеңі оқушылардың оқу іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымына өзгертулер енгізудің қажеттілігін тудырды.

Бұл жоспарды жүзеге асыруда іс-әрекеттің белсенді әдістері арқылы оқушының тұлғасын қалыптастыруға бағытталған жобалау іс-әрекетінің мүмкіндігі үлкен болды.

Жобалау іс-әрекетінің болмысы тұлғаға бағыттап оқыту мәтінінде қарастырылады, бұл жағдайда сабақтың мақсаты мен оған қол жеткізу әдістерін оқушы өзі анықтау керек, ол жағдайда оқушы өзінің қызығушылықтарын, дербес ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мотивтерін, қабілеттерін және тағы басқаларды ескеруі керек. Мұнда мәселені талдап, қабылдауды оқушы өз бетінше ұйымдастырады, бұл оқушының жоба жұмысына тұлғалық мақсатты түрде жігерленгендігін білдіреді, жобалау іс-әрекетінде бар білімдер жетілдіріліп, кемшіліктер жойылып, жаңа білімдер қосылады.

Осылайша танымдық іс-әрекеттің дербес бағыты туындап, өз бетінше білім алудың жеке тәжірибесі алынады.

Жобалау іс-әрекеті оқу әрекетінің формасы ретінде қарастырылады, оның құрылымы оқу жобасының құрылымымен сәйкес келеді. Оқу жобасы деп отырғанымыз өзіне төмендегілерді қамтитын шығармашылық тұрғыда өз бетінше орындалатын іс-әрекеттер:

- жоба идеясын жүзеге асыру үшін жинақталған материалды талдау мен жалпылауға қажетті ақпаратты іздеу;
- жеке зерттеушілердің жобасын, тәжірибелік тапсырма мен тәжірибелік ақпараттарды жинап, жүзеге асырылып жатқан теориялық негіздемелерді болжау;
- әлеуметтік мағынасы бар практикалық іс-әрекеттер, ол тұлғалық-индивидтік позицияда көрініс алады.

Іс-әрекет пен әрекеттік дамытуды тарихи талдау жобалау іс-әрекетін енгізе отырып өзін-өзі дамыту үдерісін қамтамасыз етеді.

Бүгінгі заманауи қоғамда жоба, технологиялар мен рефлексия кілттік сөздер болып табылады. Олардың екеуі бір-біріне қарама-қарсы сөздер болып табылады: сөзбе-сөз латын тілінен аударғанда жоба сөзі «алдыға ұмтылған» деген мағынаны, ал рефлексия сөзі «артқа бұрылу», яғни мақсатты, міндетті, үрдісті үнемі талдау мағынасын береді. Ал технология түсінігі қойылған міндеттерді шешу формасының, әдістері мен құралдарының жүйесін білдіреді.

Жобаның дәстүрлі түсіндірмесі техникада, құрылыста және т.б. келтірілген, олар 1) жоспар, ой; 2) қандай да бір құрамды немесе затты жасаудың құжаттар жиынтығы мен жасақталған жоспары; 3) қандай да құжаттың алдын-ала мәтіні», ал жобалау – жоба құру, ұсыныс айту, жоспар жасау үдерісі ретінде.

Қазіргі кезде жоғарыда келтірілген анықтамалардың орнына сенімді іс-әрекеттің аяқталған циклын білдіретін жобаның заманауи түсінігі пайда болды: философиялық деңгейде жоба рухани түрленуші іс-әрекет ретінде қарастырылады. Іс-әрекеттік деңгейде ол мақсатқа жету мен жобалау нәтижесі. Жалпы жоспар бойынша шектелген нәтиже сапасына қойылатын талаптарды ескере отырып, жеке жүйелерді мақсатты түрде өзгерту, онда құралдар, ресурстар мен арнайы ұйымдардың шығындары есепке алынады. Жеке жүйеге жоба анықтамасын енгізу жобаның бүтіндігіне ғана емес, жобаның бірлігінің қайталанбайтындығын, жеке жаңалық белгісін білдіреді. Түрлі облыстардағы жобалаудың құрастыру жүйесі ретінде іс-әрекет теориясы қатысады.

Нақты өмірде жобалардың кездесетін түрі өте көп. Олар қосымшалар, пәндік облыстар, масштабтар, ұзақтығы, қатысушылар құрамы, қияндық деңгейі мен нәтиже және т.б. қолдану белгілері бойынша ажыратылады. Біздің зерттейтініміз білім алушы іс-әрекетін оқу жобаларының

жиынтығы ретінде қарастыру, кез-келген білім беру бағдарламасы білім алушының көзқарасы тұрғысынан – бұл оқу жобасы, ол жобаның жоғарыда келтірілген анықтамасының барлық белгілеріне жауап береді.

Мектепте қабылданған білім беру жобасы оқушылардың мақсаты бар оқу-танымдық, шығармашылық немесе ойындық іс-әрекеті, оның келісілген әдістері, іс-әрекет тәсілдері. «Жобалау» мен «жоба» түсініктерінен бөлек ғылыми және әдістемелік әдебиетке «жобалап», «жобаланған», «жобаланатын» түсініктерінен кездестіруге болады. Бір қарағанда айырмашылықтары шамалы болғанымен, И.А.Колесникова «оларда жобалау феномені мен оның кешенді табиғатын түсінудің тарихи дамуы» көрсетілген деп санайды. Ол бұл түсініктерді ашып зерттейтін болсақ, «жобалық» сөзі сол арқылы анықталатын әрекеттер жүйесіндегі пән деп түсіндіріледі. «Жобаланған» түсінігі - тұлғаның қасиеті ретінде қолданылады, ол әдістер мен оқиғалар көмегімен белсендіріледі.

Енді «жобалап оқыту», «жобалап тәрбиелеу» мен «жобалап білім беру» түсініктерін қарайстырайық.

Жобалап оқыту - оқушылардың жобалық белсенділігіне негізделеді. Олар өздерінің қабілеттерін қолданып, дамытады.

Жобалап тәрбиелеу - тұлғаның құқықтық моделі түріндегі әлеуметтік тапсырысына бағытталған, бірақ өзіндік педагогикалық тапсырыс негізінде әзірленетін тұлғалық модель жобаланады, онда мемлекеттік және қоғамдық қажеттілік есепке алынады.

Жобалап білім беру - дамытушылық және проблемалық қатынасқа тиесілі. Білім беру бұл жағдайда тұлғаның өмір сүруін жобалауды білдіреді, ол білім беру облысы - әлеуметтік өмір аймағы секілді, мұнда жобалау шарттары құрылады. Жобаның білім беру мақсаты – оқушыға өткеннің тәжірибесін беріп қана қоймай, өз тәжірибесін кеңейту, оның тұлғалық және жалпы мәдени дамуын қамтамасыз етеді. Жоба оқытудың беделді әдістерінің бірі ретінде қолданылады, бұл жағдайда жобаны құру мен дамыту құралы ретінде қолданылады.

Жобаланатын кезең - жобалау мүмкіндіктері қолданылатын үрдіс кезеңі. Жобалау - белгілі жобалау іс-әрекетін жүзеге асыратын мүмкіндіктерді шарттастыру білігі. Басқа да түсініктер реті технологиялық мүмкіндіктің көп қырлылығына әсер етеді, ол білім беру саласында жобалау іс – әрекетін қолдануға мүмкіндік береді. «Жобалап оқыту», «жобалау әдісі», «оқу жобалық іс -әрекеті» түсініктеріне тоқталып өтейік.

Егер жоба әдісі оқытудың белсендіру әдісі болса, онда ол басқа әдістермен, атап айтқанда зерттеушілік, эвристикалық, мәселелік әдістермен бірге қатыса алады, жобалау әдісі деп отырғанымыз жобалау әдістерінің негізінде құрылған оқыту. Бұл оқыту жобада және жоба көмегімен оқыту болып табылады.

Мысалы, Л.В.Байбородова және Л.Н.Серебренников айтылғандарға қатысты өздерінің келесі анықтамаларын ұсынады: «Жобалап оқыту - дидактикалық жүйе ретінде қарастырылады, ал жобалау әдісі – сол жүйенің құраушысы, педагогикалық технология ретінде ол білімді интеграциялауды ғана емес, жаңа белсендірілген білімдерді де қарастырады». Жобалау әдісі оқу үдерісінің негізі болып табылатын жағдайда жобалап оқыту туралы айтуға болады, ал басқа барлық әдістер ол кезде көмекші рөл атқарады. Жалпы тәжірибеде жобалау әдісінің өз орны бар, ал жобалап оқыту «технология» пәнінде қолданылады.

Н.Ю.Пахомова жобалап оқытуды былай түсіндіреді: «барлық дидактикалық, психологиялық, педагогикалық және ұйымдастырушы-басқарушылық құралдар кешені ең алдымен оқушының жобалау іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді, яғни оқушыларды жобалауға үйретеді».

Білім берудегі жобалау іс-әрекеті басқа педагогикалық іс-әрекеттеріне қатысты көмекші рөл атқара отырып оқыту (тәрбиелеу) құралы ретінде қолданылады. Жобалап оқыту іс-әрекеті «жобалап оқытудың бір құраушысы ретінде қарастырылады, ол оқушысының қажеттілігін анықтау мен қанағаттандыруға байланысты, оны объективті немесе субъективті жаңалығы бар материалдық немесе үлгілі жобалау мен құру құралы ретінде қолданады. Осылайша, жобалап оқыту іс-әрекеті практикалық міндеті шешу бойынша шығармашылық оқу жұмысы, оның мақсаты мен мазмұнын оқушылар өздері анықтап, олар шығармашылық тұрғыдан өзгерту, үрдісінде жүзеге асырып, мұғалімнің кеңесінің көмегімен практикадан тұрғыдан орындалады. Осыдан жобалап оқыту құраушысы бұл мұғалімнің іс-әрекеті екендігін көруге болады.

Оқушының тәжірибесі мен қызығушылығына сүйене отырып мұғалім оқушыға оқу іс-әрекетінің мақсаты мен мазмұнын, дамыту жолдары мен жүзеге асыру формаларын, талдау әдістері

мен тәжірибені бағалауды, жобаны орындау бойынша іс-әрекеттерін қалыптастырудың бағытын көрсетеді.

Жоба құру үрдісінде оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас жайында сөз болса – онда жобалау әдісі жайында айтуға болады.

Осылайша, «жобалап оқыту», «жобалау әдісі», «оқу-жобалық іс-әрекеті» түсініктері өзара байланысты екендігін көруге болады, жобалар әдісі мен оқу-жобалық іс-әрекеті жобалап оқытудың құрауыштары болып табылады, ол 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Жобалап оқытудың құрауыштары

Жобалап оқыту арнайы білім облыстарын ғана емес, мета білімдік (білімді қалай меңгеру керектігі жайындағы білім), танымдық біліктерді ұсынады, олар басқа да іс-әрекет аумағына сәтті ауыстырылады. «Бұл әдістің қолдану шарты оқушыларға қызығушылығы бойынша іс-әрекетті таңдауға, олардың мүмкіндіктерін дамытуға сәйкес келеді, ол жаңа істерге ұмтылуына білім мен біліктерді арттырады». Жобаларды құрып жүзеге асыра отырып, оқушылар ойлау, ақпаратты іздеу, талдау, тәжірибе жасау, шешім қабылдау, өз бетінше және топта жұмыс істеу қабілеттерін, дағдыларын дамытады.

Сонымен қорыта келгенде жобалап оқыту әдісі оқушының өз бетінше дамуына әсер етіп, білім беру үдерісінде оқушының тұлғалылығын қамтамасыз етеді, сондықтан да жобалау іс-әрекеті оқушының танымдық белсенділігін, білім беру үдерісінің сапасын арттыру құралы ретінде қарастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Л.В.Байбородовой, Л.Н. Серебренникова. Предпрофильная подготовка: Проектная деятельность учащихся. Учебно-методическое пособие / под ред. Ярославль: изд-во ЯГПУ им. К.Д. Ушинского, 2005. - 126 б.
 [2] Н.Ю. Пахомова Проектное обучение - что это? // Методист. - 2004. -№ 1. 39-46 б.
 [3] С.Е. Шишов и др. Структура и содержание проектной деятельности // Стандарты и мониторинг. - 2005. - № 2. 17-23 б.

Сағымбаева А.Е., Масимгазиева А.А.

Оқушылардың жобалау іс-әрекетін қалыптастыру негіздері

Түйіндеме. Мақалада оқушылардың жобалау іс-әрекеттерін қалыптастыру негіздері қарастырылған. Жобалау іс-әрекетінің болмысы тұлғаға бағыттап оқыту мәтнінде қарастырылады, бұл жағдайда сабақтың мақсаты мен оған қол жеткізу әдістерін оқушы өзі анықтау керек, ол жағдайда оқушы өзінің қызығушылықтарын, дербес ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мотивтерін, қабілеттерін және тағы басқаларды ескеруі керек. Мұнда мәселені талдап, қабылдауды оқушы өз бетінше ұйымдастырады, бұл оқушының жоба жұмысына тұлғалық мақсатты түрде жігерленгендігін білдіреді, жобалау іс-әрекетінде бар білімдер жетілдіріліп, кемшіліктер жойылып, жаңа білімдер қосылады.

Кілттік сөздер: жоба, жобалау, жобалау іс-әрекеті, жобалар әдісі, жобалап оқыту, жобалап білім беру, жобалап тәрбиелеу.

Sagymbaeva A.E., Masimgazieva A.A.

Bases of formation of the project activities of students

Summary. The article discusses the basics of the project activity of students. The essence of the project activities under consideration in the context of learner - centered learning, is that the purpose of training and ways to achieve it must be determined from the perspective of the student, based on their interests, personal characteristics, needs, motives, abilities, etc. Here, through the understanding and acceptance of issues like their own personal pupil organized his own motivated personally meaningful goal of the project work, in which the revision of existing knowledge, identify gaps, and obtaining new knowledge.

Key words: project design, project work, project methods, projective training, education projective, projective education.